

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатшы*), Ә. Жапарова (*хатшы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окуышылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаяуына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Мұхтар Әуезов,
Бейсембай Кенжебаев

АБАЙ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

I

Қазақ халқының ұлы ақыны, ақыл-ойшы ұлы кеменгері Құнанбайұлы Абайдың туғанына осы жыл август айында жүз жыл толады.

Абай тар заманда «соқтықпалаы, соқпақсыз жерде», халықтың иғілікті ісіне қарсы топпен жалғыз алысып, халқының көшін жаңа жолға – мәдениет, өнер-білім жолына бастады. Халқының тарихын өзгертіп, жаңғыруту жолында қажымай еңбек етті.

Абай қазақ елінің дәл бүтінгідей, ерікті, берекелі, бірлікті, күшті, мәдениетті, бай, бақытты ел болуын көкседі.

Берекелі болса ел,
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғактайды, соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп,
Қыйып жатса аққан сел,
Оның малы өзгеден,
Өзгеше бол есер тел, –

деп тіледі.

Абай қазақтың өрбір ұлы, қызының еркі, бостандығы үшін, ой-санасын жетілдіру, ержеткізу үшін күресті. Оларды халқын сүюге, халқы үшін, адам баласы үшін қызмет етуге шақырды, адамгершілікке баулыды.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.
Осыны біл. Талап қыл, өнер, көсіп ізде.
Қайғы келсе, қарсы түр, құлай берме,
Қызық келсе, қызығып, оған да ерме,
Жүргегіңе сүңгі де, түбін кез де,
Бұдан тапқан шын асыл тастай көрме, –

деп ақыл айтып, қайрап, жігерлендірді.

Абай қазактың жаңа әдебиетін – мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады. Шын мағынасында өлең өнерін жасады. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» деген сертіне жетті.

Абай халқына «іші алтын, сырты күміс» өлең қазынасын, мәңгі өлмestей асыл соз қазынасын қалдырды. Ол – қазақ халқының Абай тұсындағы түрмис суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, зар-мұны, тілек-арманы. Ол – жапа көрген, көп шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген ер халықтың бейнесі.

Абай өз халқын мейлінше сүйді. Сол өз халқын сую арқылы, онымен тілек-арманы, тарихи тағдыры бір халықтарды сүйді. Халқына үлгі боларлық, жәрдем қолын созарлық ұлы орыс халықының мәдениетін, өнерін сүйді.

Абай – халқының шын ұлы. Ол өмір бойы халқының қайғы-шерін жазып, мерейін көтеру жолында қызмет етті. Абай халқына тек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған жоқ, ол өзінің жарқын бейнесімен, асыл сөздерімен бүгін де қызмет етіп отыр.

Абай – қазақ халқының ұлы классик ақыны, үлкен ойшылы, зор өлеумет қайраткері. Сол үшін оны халқымыз сүйеді де, құрмет етеді, оның атын мактан етеді. Сондықтан оның туғанына жүз жыл толған күнді еліміз зор мереке етіп өткізеді.

II

Абай он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында жасады. Ол осы күнгі Семей облысында Шыңғыс тауын жайлаған тобықты руының ішінде 1845 жылы туған.

Абайдың заманында қазақ даласында екі түрлі қогамдық қарым-қатынас бар еді: ол капиталистік, бектік-феодалдық қалып болатын. Қазақ бұқарасының басында осы екеуінен туған екі түрлі ауыр азап, екі түрлі қанау, қысым бар еді. Оның бірі отаршылдық қанау еді де, екіншісі бектік-феодалдық қанау еді.

Ресей патшалығының қазақ даласын түрлі жақтан отарлауы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында мейлінше күшеді. Қазақ халқының өз ұлт бостандығы жолындағы 40-50 жылға созылған ерлік-қаһармандық құресін патша үкіметі осы қарсанда басып, жеңіп аяқтатқан-ды.

Енді қазақ жайында түрлі жоба, ереже шығарып, өуелі сұltан, аға сұltан тәртібін орнатты, кейін сұltан, аға сұltан тәртібін жойып, болыс, старшин, сайлау-штат тәртібін орнатты, би сайлау тәртібін шығарды.

Міне, осының бөрі қазақ арасында ру партиягершілігімен талас-егесті, дау-жанжалды, паракорлық, талан-таражды, зорлық-зомбылықты күшетті. Қазақ бұқарасының малы жауға, басы дауға түсті. Осы халді үкімет қуаттап, өдейі өршітіп отырды.

Мұның үстінен осы кезде қазақ арасында алым-салық көбейді. Тұтін салығы, мал салығы, жер салығы, жан салығы, шеп салығы, су салығы шықты. Кімде-кім салығын толей алмаса, кезінде төлемесе, одан айып, өсім алынады. Бұл алым-салықтарды, айып-өсімдерді болыс, старшин, ауылнайлар өз пайдасын көксей отырып, еселеп өндірді.

Осымен қатар патша үкіметі қазақтың жерін тартып алуды күшетті. Қазақ халқын тау-тасқа, шөл далаға айдалап салды. Ол жерлерді де, 1824 жылы шыққан уақытша ереже бойынша, қазақ көшпелілеріне қоғам болып пайдалануға берілді деп жариялады. Ең жақсы, ең шүрайлы жерлерді тартып алып, помешиктерге, чиновниктерге үlestірді.

Ал қазақ көшпелілеріне қоғам болып пайдалануға берілген жерлердің көбі шынжыр балақ, шұбар төс байлардың, би, болыстардың, ру басылардың қолында болды. Қазақтың кедейлері, жарлы-жақыбайлары тілім жерге зар болды. Олар жатақ болып қалалы жерлерде малайлық істеді.

Абай заманында қазақ арасында бұрынғы ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыптың қалдықтары да өлі күшті еді. Ол елдің еңесін түсіріп тұрган, оны ілгері бастырмай тұрган жағдай-даңың бірі еді.

Өйткені осы ру басылар, ақсақалдар, би-төрелер, қожа-молдалар халықтың қалың бұқарасын түрлі жолмен қанайтын еді.

Мініп-түсетін көлік беріп, сауын беріп, ас-су, киім-кешек беріп жұмсап, арзан бағаға қызмет істетіп езді. Тағы бір тобы өдет-ғұрып заңын, дін салтын пайдаланып, қызмет істетіп езді. Бай-феодалдар, алып-сатар, саудагерлер кедейлерді, жарлы-жақыбайларды несиеге, өсімге мал, ақша беріп, ортақ-серікке жер, тұқым, көлік, сайман беріп, қанаушы еді.

Осымен қатар ел ішінде ынта-жігерсіздік, жалқаулық, құр сандалып, күн кешушілік көп еді. Ел ішінде қаранғылық, дін салты, қожа-молданың ықпалы да құшті болды. Ислам діні, оның тұрлі парыз-шарттары, қожа-молдалары: иман, тағдыр деп, жақсылық та, жамандық та, бай болмақ та, кедей болмақ та – бәрі де Құдайдан деп, халықтың ой-санасын тұмшалап, тұмылдырықтап, қайрат-жігерін, ынта-талабын байлап-матап ұстайтын. Адамның ілгери талабына, ізденуіне жол бермейтін.

Қазақ арасындағы бұл ру-аксақалдық, бектік-феодалдық қалыптың қалдықтары патша үкіметіне іздеңгенге сұраған болып табылды. Патша үкіметі оны қуаттап, нығайта тұсті, өзінің отаршылдық мұддесі үшін пайдаланды.

Сонымен, Абайдың заманында қазақ даласында екі тұрлі шаруашылық-әлеуметтік қалып, қарым-қатынас үштасып жатты: бірі – күннен-күнге әлсіреп, құрып бара жатқан бектік-феодалдық қалыптың қалдығы, екіншісі – күннен-күнге өсіп, құш алып келе жатқан жаңа, капиталистік қарым-қатынас еді. Осы екеуінің тоғызы қазақ даласында шаруашылық, әлеуметтік қайшылықтардың айқын көрінуіне себеп болды.

Міне, Абай – өзінің осы заманын, оның осы өзгешелігін, шым-шытырық қайшылықты екенін жақсы үққан ақын.

III

Абай он жасына дейін ауылда өсіп, елдегі молдадан оқыды. Он жасына келгенде, оны әкесі Семей қаласына әкеліп, медре-сеге оқуға береді. Онда оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабактары. Соның көбін араб, парсы тілінде оқиды.

Абай медреседе үш жыл оқиды. Өзімен бірге оқыған үлкен, кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, үғымтал жөнө ерекше ықыласты болған. Дәріс ретінде оқытылатын сабактарды үғып, білу Абайға анағұрлым оңай, көп уақытын да алмаған.

Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен, өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтінуге салынады. Өз бетімен оқытын кітаптары – араб, парсы, түрік жүрттарының ақындары. Одан соң сол тілдегі жазылған ертегі, қыса сияқты әдебиет мұралары.

Абай оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастайды. Араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, таңдал оқыған ірі ақындары болады. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін (жырларын) жаттап жүреді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба ұлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдермен Фзули, Сағдише айтады.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастады. Бірақ мұндағы окуы ұзак болмайды. Басы-аяғы үш-ақ аймен бітеді. Мұсылманша окуы да доғарылады.

13 жасқа толғанда әкесі Абайды окудан шығарып өкетеді. Ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Өзінің дene қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын еріксіз осы жолға салады. Ел кісісімен араласқанда, сөз керек, тапқырлық керек. Кезеңді жерге келгенде айла да керек, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің түсінде өзгелер не деп сөйлейді, не істейді? Бұрынғы жақсы адамдар не айтып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамдар не тілейді? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық үғынып, жете білуге тырысады.

Абай жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мөтел, тақпак, ескі биліктеріне елдің маңдай кіслерімен қатар түсінетіндегі білім алды. Халықтың қоғамдық тіршілігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды да содан үғатын болды.

Қаладағы окудан Шығыс ақындарын сүюді ала келген Абайға енді бір тәрбиеші, ұстаз қазақтың халық қазынасы болды. Бұл жоніндегі азық, білімді ол тағы да халықтан шыққан көпшіліктен алады. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұзы сияқтыны көп естіп өседі.

Осындағы мұраларды сую Абайдың негізгі іргесін қатал билер арасында қалдырмай, халық мұддесіне жақын етіп жүреді. Билер, өміршілер ортасын ел көзімен көріп, қияннаттарын танып, қатты сынап, жиреніп өсуге себеп болды.

Енді сол ортаның залалды мінездерімен алышып, еліне тым құрыса сонысымен пайдалы азамат болғысы келді.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кенселеріне түсе бастады.

Абай осындағы 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3-4 айға шыға алмай жатады. Осы кезде оның орысша жағынан ізденуі басталады. Бірақ алғашқы жылдардағы окуы үнемі салынып ізденген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады.

Жасы отыздан асқан соң орыс тілін мықтап оқиды. Қалада жатып, едәүір тіл білген соң енді көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі. Содан бері аз жыл өткенде, Абайдың құндегі өмірінде үлкен орынды тек кітаптар алатын болды. Пәлен жақсы, түген жазушы дегендердің сөздеріне құмарланып, қадала оқи береді.

Абай 1880 жылдарда Петербурдан айдалып келген революцияшыл-халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Сол арқылы 80-жылдарда айдалған басқа халықшылармен де танысады. Соның ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болды.

Олар патша үкіметі Сібірге, Қазақстанға жер аударған революцияшылдар болатын. Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омы сияқты қалаға, орыс халқының атақты жазушы Ф.М. Достоевский бастаған талай иті-жақсылар келген. Бұлардың ішінде Буташевич-Петрашевскийдің өзі, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Революцияшыл-демократтардан Чернышевскийдің талай серіктегі болып еді. Абаймен жақындастып, достасқан Михаэлис, Долгополовтар осы соңғы топтап шықкан адамдар болатын.

Үлы орыс халқының осылар сияқты адал, халықшыл үлдарының бәрінің жүргегінде патшалық дегендеге өштік пен жиреніш аса күшті еді.

Сонымен қатар олар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге де үлкен достықпен, зор бауыр-

малдықпен қараушы еді. Патшалықпен алысқанда Ресейдегі езілген, бұратана халықтар мен орыс халқын бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Қазақ даласын қараңғылықта ұстап, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаптан саясатқа да қарсы алысқан.

Сондықтан орыс халқының шын адал және ұлы өкілі болған, патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары – Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді. Ол халықтардан шыққан ел қамқоры, саналы азаматтардың бөрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы революцияшыл демократтардың саяси үлкен жолының бірі болады.

Бұлардың арасында Абайға, алдымен, өсер еткен кісі – Михаэлис. Оның істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда: «Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис», – деп алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айттып кеткен.

Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), әр тарау жолдардан мағлұматы болған мәдениетті адам, Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бөрін талғаусыз оқып жүрген Абай, ендігі окуын Михаэлистің ұсынуы бойынша, үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, философия, табиғат ғылымдары, өлеумет жайындағы кітаптарға шейін тарау-тараумен, жоспармен оқытын болған.

Сонымен, 1884-1885 жылдары Абай дүниеден көп маглұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншайін ел кісілерінен сонағұрлым қырағы, озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Абай, өз айтуынша, отыздың ішінен бастап, Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта: «Бұрынғы дүниенің асты-ұстіне шығып өзгеріп, Күн шығысым – Күн батыс, Күн батысым – Күн шығыс болып кетті», – дейді. Ол енді бұрынғы қүнге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай болады.

IV

Абай қазактың ірі феодал табынан шыққан. Оның өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскенбай, үшінші атасы Үргызбай – бұлардың барлығы да ірі феодал болған, ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Әсіресе Абайдың туған әкесі Құнанбай – өз дәуірінің феодалдық табының айқын өкілі.

Бірақ Абай өзінің ісінде болсын, өлең-жырларында болсын өзі шыққан таптың сөзін сөйлемейді, халық сөзін сөйлейді, тап нағызының жоқтамайды, халық нағызының жоқтайды: атаның ұлы болмайды, адамның ұлы болады.

Күн шығыс пен Күн батысты жете біліп, заман ағымын өбден аңғарып, жол азығын мол етіп алған Абай халықтың хал-жайын, мұң-зарын жете үқты. Ол ақын жөнінде айтқан сөзінде:

Қыранша қараша Қырымға
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шыйыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға,
Сынатып, көрген, білгенін,
Білдірер алыс, жақынға,
Солардың сейле дегенін, –

деп қулашын кең сермейді.

Шаруашылық жағынан, мәдениеттен, өнер-білімнен кеңже-леп, артта қалған ел жұрты бар. Қыс жұтымен, жаз індегімен ара-лас ел шаруасының құтын, елдің елдік берекесін қашырып тұрған қырысық жағдайлар бар.

Бұл жағдайлардың бір жағы өз әкесі тобында – жуандар, атқа-мінерлер, қулар тобында жатыр. Бұлар барымта, шабуыл, жесір дауы, жер дауы, бақталас сияқты өлек-лаңдарды қоздырып өке-ліп, қалың ел ортасына пөле қылыш тастайды. Сол арқылы мо-мын, еңбекші, есесіз көпті жейді, тонайды, қанайды. Өздері на-дан, өздері ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей қараңғы. Олар бастаған ел көшінің баар беті – қаранғы, екіталаі тығырық.

Абай ел ісіне араласқанда өз әкесі мен өке досы, өке тобының халық басына, ақынның өз басына қалдырыған ауыртпалығы оған

зәрдей болды. Абай сол зәрді ішे жүре, өділетсіздікті, қияннатты таныды. Жуандар, Құнанбайлар ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбырлар, қиянатшылар ортасы екенін таныды.

Осыдан кейін Абай өкесіндегі бар жуан тобынан торығып, жеріп, іргесін бөлек салып, басқа жол іздеу қажет деп табады. Барлық ақыл-ойын, күш-қуатын осы топты, осы ортаны мінеп, шенеп, оның құнсыздығын ашуға жұмсайды.

Өз сөзінен басқа сөз үкпайтын,
Аузымен орақ орган өңкей қыртын.
Бір күн жыртың етеді, бір күн бүрттын.
Бас-басына би болған өңкей қиқым
Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын, –

деп кейіді.

Абай жуандар тобына қарсы шығумен, олардың мінін сынаумен қатар ел арасындағы барлық ескілік сарқынына қарсы болды. Әйел жөніндегі, төлім-тәрбие жөніндегі ескі көзқарасқа, ескі салтқа, дау-шарды шешудің ескіден келе жатқан жөн-жосығына, отірік-осек, жалқаулық, еріншектік сияқты мінездерге, надандық-қа, надан молдаларға – бәріне қарсы шықты, бәрін шенеп, мінеді.

Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шықан кезде, ел сорына біткен жуандар, кулар тобымен қатар, бүкіл қазак даласында штат-партия таластарынан туған алыс-жұлыс та өте көп еді.

Патшалықтың паракор ұлық, жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған атқамінерлер қоғамдық тірлікті лайлаған, неше алуан мін мен дертке толы еді. Ол патшаның отаршылдық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші бай жаннан шыққан болыс, би, елу басылар еді.

Неше алуан ауыртпалық орнағанда қалың бұқараның, момын еңбек елінің басына орнайтын. Болыс сайлауының ылаңымен, патшалықтың алым-салығы паракор жеміт, болыс, бидің қара шығыны – барлығы байға мол түспей, «түцлік басы» деп жоқ, житікке, жарлы-жақыбайға түсетін.

Жалаңқая, жат мінез жау алады,
Бермей жүрсөң, мен сені жек көрем деп...

... Жұз қараға екі жұз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп... –

дәйтін сөздер осыдан туатын.

Жуандар тобы сияқты би, болыстар тобы да, шірік топ, шірік орта еді.

Елдің қамын ойламай, өз құлқынын ойлайтын, елдің сорына біткен топ еді.

Мұны Абай айқын аңғарды. Сөйтіп, ол әке тобынан түңілгені, жерінен сияқты бұл топтан да түңіліп, жеріді, әке тобын шенеп, мінегені сияқты бұл топты да шенеп, мінейді. Абайдың «Күлембайға», «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың» деген және тағы басқа өлеңдері осы би, болысты сынап, мазақтап, солардың құнсыздығын өшкереleуге арналған.

Ақынның бұл өлеңдерінің тағы бір саяси зор мөні болды. Абай би, болысты жексүрын, жаман етіп көрсету арқылы, патша үкіметін, патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынады. Жұртқа патша үкіметін де жексүрын етіп көрсетті.

Бұл ретте Абай орыс халқының ұлы жазушылары Салтыков-Щедриннің, Гогольдің әдісін колданды деуге болады. Олар да өз тұстарындағы түрлі чиновниктердің, үкімет адамдарының жаман қылышын, онбағандығын, құнсыздығын көрсетіп, сынап, сол арқылы жұртқа патша үкіметінің өзін құбызық етіп көрсететін. Патша үкіметінің саясатын сынайтын еді.

Сөйтіп, Абай жуандар тобынан жеріп, бөлініп шығып, момын шаруаны, енбекші елді, есесіз көпті тапты, сонын тілеуін тіледі. Абай бір сөзінде:

«Дәл осы құнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым... Болыс пен биді құрметтейін десен, Құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас үрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Мықтыны құрметтейін десен, жаманшылыққа елдің бөрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ... Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің? Енді, өлбетте, момындығынан, «ырыс бакқан дау бақпас» деген мақалменен болам деп, бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, үры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын шаруаны ал-

масаң, соның тілеуін тілемесең болмайды, содан басқаны таба алмадым», – дейді.

Ал момын шаруа, халық әлгі айтқан екі бірдей қанауда: ұлт-отарлық қанау мен бектік-феодалдық қанауда жаншылып, жапа көріп жатыр. Осыны көріп ақын:

Қалың елім, қазагым, қайран жұртый,
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың...
... өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкін бұзылды, түнде үйкyn, –

деп зарлады.

Осымен қатар Абай қалың бұқараның басындағы бұл күйдің ақыр бір күн арылатынын, бұл екі бірдей қанаудың ақыр бір күн жойылатынын аңғарды:

Жамандар қыла алмай жүр адап еңбек,
Ұрлық, құлық қылдың деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек, –

дейді. Ол болашақтан зор үміт күтті, жарқын, шат, бақытты өмір күтті, сол болады деп сенді.

Сондай-ақ Абай орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқара мен қазақ ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры, ой-тілегі бір екенін аңғарды. Жөне осы аңғарғанын халыққа аңғартуды өзіне борыш-міндет санады.

Қаранғыда қармалған елге жөн сілтейтін, ел мұңын өз мұңы етіп, ел тарихын жаңғыртып, өзгеретін еразамат керек. Абай мұны да жақсы білді.

Абайдың даналығы осы корсетілген жағдайлардың бәрін дұрыс байқап, айқын аңғаруында. Соған қарай халыққа төте жол сілтеуінде. Ол жол – көш бетін Шығыстан Батысқа қарай бүру, Батыстың мәдениетіне, өнер-біліміне жетілу, сөйтіп, шаруашылық, мәдениет жөнінен жаңа жолмен даму еді.

Осы ретпен Абай шығармаларында өз тұстастары Шоқан, Ыбырай сияқты болып еңбекті, өнер-білімді, адамгершілікті дәріптеді. Халықты еңбек етуге, өнер-білім үйренуге, адамгершілік жолға тұсуге шақырады.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Ол: өуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім, ғылымның жоқтығы; дүниеден ешинарсын оларсыз біліп болмайды, білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – дүниедегі күллі өнердің дүшпаны. Талапсызық, ұтсызық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дүшпаны: адам баласына дүшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады...

Ғылым үйрен. Орыстың ғылымын үйрен. «Орыстың өнер, ғылымы – дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі», – деп насхаттады.

Абай заманында орысты, Батысты жат көретін, дүшпан деп білетін үфым, салт бар еді. Абай осы салтты мансұқ етті. Ол орыстың, батыстың мәдениетін, өнер-білімін сөзде емес, істе насхаттады. Орыс халқының ұлы классик ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың асыл мұраларын қазақ тіліне аударып, халыққа үлгі қылып ұсынды. Қазақ жастарын Толстой шығармаларынан, Салтыков-Щедриннен үлгі ал деп үгіттеді. Анау орыс, мынау жат деп түрмай, әр халықтың, бүкіл адам баласының жақсысынан үлгі алу, өнегелі ісін, өнер-ғылымын үйрену керек. Үлгілі, өнегелі кісі – адам баласы. Адам баласының бір-біріне жаттығы жоқ. «Әкениң баласы – дүшпаның, адамның баласы – бауырың». «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», – деді. Осылай ол интернационалшыл болды.

Халқының бетін Шығыстан Батысқа бұру, оны Батыс жолымен дамуға бастау, Батыстың, орыс халқының мәдениетін, өнер-білімін үйренуге, адам баласын бауыр көруге үгіттеу жағынан Абай өзінің тек қазақ замандастарынан ғана үздік, алда болған жоқ, сондай-ақ қазақ сияқты елдердің көбіндегі замандастарынан да үздік болды. Жақын Шығыста Абай тұсындағы ақын-жазушылардың, оқымыстың ғалымдардың бірде-бірі өз халқын Еуропа мәдениетіне Абайдай үндеген жоқ.

V

Абай өлеңмен, ақындық өнерімен қырық жасқа келген кезінде, 1886 жылдан бергі жерде, шындалап айналысады. Бұған дейін ол өлеңді тиіп-қашып, анда-санда жазатын болады және жазған өлеңдерін «Көкбай айтқан өлең» деп жүргізеді.

Бұл кезде Абай сыртқы өмір жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз деп үгады. Бірақ оған ақынның ішінде толып жатқан қарсылық бар. Халық туралы ойына жиналған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін халыққа, талапты жастарға жеткізіп берерлік нәрсе ақындық, өлең болады.

Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар өлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек болып табылады. Ол ескілік, надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты жағдайлармен, атқа мінерлер, би, болыстар мінезімен мықтап тұрып алысуға кірісken. Өзінің ой-пікірін, жолын түсіндіруге кірісken еңбегі – Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға нағызы қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі, ол ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Сондықтан Абайдың бұл қарсаңдағы өлеңдері, көбінесе, зұлымдық, надандықпен кектене алысу, мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айту, өзінің елге айтқан зары, өсиеті болып келеді.

Сонымен, Абай 1886 жылдан 1889 жылға дейін өзі жазғаны бар, орысшадан аударғаны бар, көп өлең жазады. Дәл 1889 жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. Және оның бұл кездегі өлеңдері тек өсиет болып келмей, сонымен қатар махаббат жайында, табиғат суреттегі, өн-күй туралы, өзінің бас-қайғысы, ішкі сыры туралы болады.

Абайдың қай өлеңі, қай кезде жазған өлеңі болсын шешен тілді, көркем суретті, терен мағыналы келеді. Ол өленді ермек деп, думан-сауық құралы деп білмейді, өнер деп, халықты торбие-лейтін құрал деп біледі. Сондықтан ол өлеңнің пікірі, мағынасы қандай терен болса, түрі, көркі сондай сұлу болсын, өлеңнің «іші алтын, сырты күміс болсын; ол киыннан қыстырылсын, сөз арасы бөтен сөзбен былғанбасын, жүрекке жылы, тілге жеңіл болсын деді.

Бұл Абайдың өзінше өлең заны, өлең қисыны еді. Абай өзінің өлеңдерін осы занға сай келтіріп, өзі айтқандай етіп жазды. Өзінен бұрынғы ауызша, жазба әдебиеттің жалпы қорын пайдалана отырып, оз өлеңдерін жаңа мазмұнды, жаңа түрлі етіп жазды. Сейтіп, ол қазақтың әдебиет тілін, әдебиеттің жаңа бағытқа салды. Ақынның: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел», – дейтіні осыдан.

Осы кезден бастап, Абайдың білім мен өсietіне құмар болған, ел ішінің пікірі ашық жастарына Абай ауылы үлкен білгіштің медрессесі сияқты болды. Абай үстаз да, мұның алдына келген, сөз үфатын талапты жастардың бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына, дос-жастарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Елдің сөз үфатын жастарын жаңа жолмен өзі қиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. Ескі үлгіде қалма. Өзгерген заманның жана түрлі басшысы болуға өзірлен дейді. Сондықтан олең сөздерінде бір айтса, ауызша өсiet, мәжілістерімен тағы да баулып, ылғиғана сол атаған жаңа жолына қарай бастайды. Абай жалғыз сөз өсietіне қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім тәрбиесін то-лықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болатын. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыйбағасы бар. Өз ішінде қалыптанып, толған сыншы – ақылдың, мұны табынан үзатып өкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне, жаңына сүйеніш санап, тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң бар сотқармен алысип жүрсе де, Абай олеңді өз жүргегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құрғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүргегіне түсінікті, өз халқына жанасатын, өз қиялына дәл келетін, ерекше жақындығы болғандықтан аударады. Өзі шығаратын өлеңдермен қатар аудармалар ақынның өз жүргегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады.

Бұл уақытта Абай жалғыз өз өсietін айтпай, Шығыс пен Бастыстағы өзі таныс болған бұрын-соңды данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Үдайы ойшылдықка салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлады.

Осы ретпен өзі оқыған қызықты, шебер романدارдың көбін де өз тілі, өз аудармасымен өсsem әңгіме қылып айтып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық соны әңгімелердің ішінде өз уақытына жаңа болған «Мың бір тұн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрүғлы Сұлтан» сияқтылардан басқа

Еуропаның да талай романдары болған. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюоманың «Үш мушкетері», «Он жылдан соң», «Король қатын Марго», Пушкин әңгімелері және Батыс Еуропада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін «Қызыл сақал» деген роман, одан соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен «Жаһанкөздер» жайындағы романдар да көп айтылатын болған.

Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі, ол өзін «шығыс адам едім, мұсылман едім» деп дін тұсауына бағындырмаған. Жастарға үлгі, төлім етіп айтқанда, өлеңінде орыс халқының ұлы жазушылары – Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынған сияқты, ауызша өсиетте де Сократ хаким, Аристотель сияқтыларды қоса айтады. Үлттық тар көлемде қалмайды.

Өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырыптар бергенде, құлашты тіпті кең жаяды. Көкбай сияқтыларға қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағауияға патшалықпен алысқан Шамилдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағауияға «Медғат-Қасым» деген поэмада Африкадағы плантатор бай мен намысқор ер күлдің алышқанын дастан еткізеді. Ақылбайға Кавказдағы «Дағыстан» жөнінен, Африкадағы «Зұлыштар» жайынан поэма жазғызады.

Абай айналасында өлең айттып, өн саламын деген өнші, ақын болса, қыз-келіншек, жас-көрі болса – барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абайдың сөздері еді.

Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қылып қоймай, осымен қатар одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар, өншілік (композиторлық) еңбегін де атап керек. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі өн-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің өн-күйін елти сүйіп айтқан:

Кұлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы өн мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Өнді сүйсөң, мениш сүй, –

деген өлеңдері бұған дәлел.

Абай өн-күйге талай-талай сұлу мағыналы жырларын арнайды. Ол – музыкаға ақын боп қосқан үні. Сонымен қатар Абай

музыканың өзіне өнші болып та ат салысады. Абайдан қалған 16-17 өн бар. Бұлардың көбі – өзі жазған жаңа уәзін, жаңа үйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған өндер.

Абайдың осы өншілік еңбектерінде де, ақындық еңбегі сияқты өзіне тиісті үлкен, жаңа өзгешеліктер бар. Ол өндеге бұрынғы өннен өзгерек түрлер шығарды. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі еді.

Кейін жылдан-жыл өткен сайын қазақ сахараасына өлең осисті, үгіті тарап, қалың елге, осіресе еңбек еліне қадірі артып бара жатқан Абай, патшалықтың болыс, ұлықтарын шенеп, жерлеуші Абай жайлыш кісі, жақсы кісі болып саналмайды. Соңдықтан оны қудалай береді.

Абайдың өзі бұдан бұрын да, өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Соның үстіне, ең жақсы көрген баласы Мағаяиа өлген соң Абай бір алуан ауруға айналды. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады: ешкіммен сөйлеспейді; ешнәрсемен өзін жұбатпайды; ауруын емшиге көрсетпейді. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, 1904 жылғы 23 июньде өзі туған сахараасында қайтыс болады. Ақынның сүйегі өз қорасы тұрған Жидебайға қойылады.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Олді деуге сяя ма, ойлаңдаршы,
Олмейтуғын артында сөз қалдырған, –

деген ақынның өз өлеңін өзіне айтуға болады. Абай халқының асыл азаматы болғандықтан, мәңгі өлмейді. Біздің барлық жүртшылығымыз, советтік социалистік отанымыз қадір тұтқанда, сондай өлмес, өшпес қасиеті бар Абайды қадірлейді.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.